

«Шұғыла» бөбекжай- балабақшасы» МКҚК

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша комиссия мүшелеріне

Хабарлама

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша комиссия мүшелеріне 2024 -2025 оқу жылының жоспарына байланысты Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданы білім бөлімінің «Шұғыла» бөбекжай- балабақшасында отырыс өткізіледі.

1. Отырыс 2025 жылдың 21 қаңтар күні сағат 11.00-де өткізіледі. Отырыс жылдық жоспарда көрсетілген тақырып аясында жүргізіледі.

Орындаған: Жуманалина С.

Тел. 5-20-12

«Шұғыла» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

Хаттама № 1

Қосбөлтек ауылы

21.01.2025ж.

«Сыбайлас жемқорлықпен күресу-баршамыздың міндетіміз» тақырыбында тәрбиеші С.Рапилбекованың ұйымдастыруымен қызметкерлер арасында баяндамасы тыңдалды. Ондағы мақсат: сыбайлас жемқорлықтың алдын алу,оны болдырмау жолында жұмыстар жүргізту.

С.Рапилбекова өз баяндамасында соңғы уақытта мемлекетімізде сыбайлас жемқорлықпен күресу күшейтіліп,әртүрлі деңгейде жоспарлы іс-шаралар жүзеге асырылып жатқаны барімізге мәлім.

Сыбайлас жемқорлықты елде орын алып отырған жалпы саяси,әлеуметтік және экономикалық проблемалардың салдары деуге де болады.Ол,әдетте,қоғамның жаңару кезеңінде бой көтереді. Ал ондай кезеңді бастан кешіріп отырғанымыз рас.

Сыбайлас жемқорлық әдетте мемлекеттік қызметтің өте күрделі,көпшілік түсіне бермейтін түрлерінде орын алады.Басқа салаларға тез таралады,тез дамып жетіледі.Бірақ оны айқындау өте қиын.Бұл қылмыс әшкереленген күннің өзінде айран ішкендер құтылып,ал шелек жалағандар ғана тұтылып жататыны белгілі екенін атап өтті.

Осы дөңгелек үстел барысында өз ой,пікірлерін ортаға салу ұсынылды.

Қызметкер Б.Тауенов өз сөзінде сыбайлас жемқорлыққа адамдар өздері итермелейді.Оған себеп,тамыр таныс болмай ешқандайда жұмысын алға баспайтыны жұмысқа тұруда тамыр таныс тағы қажеттікті талап ететіні анық және бәріне мәлім екені белгілі екенін атап кетті.

Келесі сөз кезегін Ж.Мусаева да сыбайлас жемқорлық көбінде мемлекеттік қызметте жүрген адамдар арасында бой алады.Бұл сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл болу үшін әрине өзімізден бастау керек,балаға жастайынан тәлім тәрбиені дұрыстап беру керек екенін айтты.

Хатшы:



Максымханова Ф.

